

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялаудың 2014 жылға арналған кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 107 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 мамырда N 3329 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 344 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.12.2014 N 344 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

РҚАО-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге 2014 жылға арналған субсидия нормативтері;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптар;

3) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды

субсидиялау бағыттары бойынша 2014 жылға арналған субсидия көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Облыс әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2014 жылғы " 16 " сәуірдегі

Б. Сапарбаев

А. Мамытбеков

Шығыс  
Қазақстан облысы әкімдігінің  
2014 жылғы " 15 " сәуірдегі  
№ 107 қаулысына 1 қосымша

**Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге 2014 жылға арналған субсидиялар нормативтері**

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу	бас	3000

Шығыс  
Қазақстан облысы әкімдігінің  
2014 жылғы " 15 " сәуірдегі  
№ 107 қаулысына 2 қосымша

**Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптар**

1. Технологиялық құрал-саймандар (құрал-жабдықтарға), ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларын сақтауға арналған бекеті болуы.

2. Ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларын сақтауды ұйымдастыру үшін технологиялық құрал-саймандар (құрал-жабдықтардың) және ілеспе материалдың болуы.

3. Ұрпақ сапасы бойынша бағаланған ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларының болуы.

4. 1 ұрықтандырушыға жылдық орташа жүктелім 240 бастан кем емес.

5. Ұрықтандырушы бұқалардың ұрығына қажеттілік, 1 басқа – 2,5 доза.

6. 1 дозаның құны – 750 теңгеден кем емес.

7. 1 аналық мал басын ұрықтандыруға ұрық дозасы шығыны – 1875 теңгеден кем емес.

8. Техник-ұрықтандырушының қызметіне жұмсалатын шығындар – 1000 теңгеден кем емес.

9. Өзге шығындар (электр энергиясы, газ, су, сұйық азот, натрий цитраты, дезинфекциялық құралдар) – 125 теңгеден артық емес.

Шығыс  
Қазақстан облысы әкімдігінің  
2014 жылғы " 15 " сәуірдегі  
№ 107 қаулысына 3 қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2014 жылға арналған субсидиялардың көлемдері**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 28.11.2014 № 316 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Саланың атауы	Субсидиялау бағыттарының атаулары	Ө л ш е м бірліктері	2014 жыл		
			Субсидиялау нормативтері, теңге	Субсидиялаудың көлемдері	Субсидиялар сомасы, мың теңге
Етті ірі қара шаруашылығы	Ірі қара малдың аналық мал басымен асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу	бас	20 000	15 500	310 000
	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың селекциялық және асыл тұқымдық жұмысын жүргізу	бас	18 000	61 185	1 101 330
	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	154 000	4 100	631 400
	Импортталған асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу (Австрия, АҚШ, Канададан)	бас	200 000	493	98 600
	Импортталған селекциялық ірі қара мал (Ресейден,				

	Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде )	бас	118 000	530	62 540
	Жалпы табындарда етті бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп - бағу	бас	104 000	40	4 160
	Сиыр еті: 2 деңгей	тонна	170	300	51 000
	3 деңгей	тонна	120	3 700	444 000
Барлық сома					2 703 030
Сүтті ірі қара шаруашылығы	Ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	20 000	10 500	210 000
	Сүт: 1 деңгей	тонна	25	17 500	437 500
	2 деңгей	тонна	15	15 200	228 000
	3 деңгей	тонна	10	12 357	123 570
Барлық сома					999 070
Етті құс шаруашылығы	Құс етін өндіру:				
	1 деңгей	тонна	70	18 610	1 302 700
	2 деңгей	тонна	66	8 100	534 600
	3 деңгей	тонна	50	4 600	230 000
Барлық сома					2 067 300
Қой шаруашылығы	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс:	бас	1 500	200 000	300 000
	Асыл тұқымды төл	бас	8 000	24 501	196 008
	Биязы жүн	тонна	130	38,7	5 031
Барлық сома					501 039
Жылқы шаруашылығы	Асыл тұқымды төл:	бас	40 000	2 200	88 000
	Қымыз	тонна	60	1 625,8	97 548
Барлық сома					185 548

	Шошқа еті: 1 деңгей	тонна	98	720	70 560
Барлық сома					70 560
Жиыны:					6 526 547

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК